



## Құрметті Атырау университетінің студенттері!

Сіздерді адам өмірінің ең шуақты мезгілі, жастық шақтың мерейлі мерекесі – Студенттер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Білім ордамыздан тәлім-тәрбие алып, Егемен еліміздің жарқын болашағын жасайтын білікті де бәсекеге қабілетті маман болып шығуларыңызға тілектеспін.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен оқу жылы бакалавр дәрежесі бойынша 1822 студент диплом иеленіп, 193 адам магистратураны тамамдады. Осы түлектердің басым бөлігі, нақтылап айтсақ, 93%-ы мамандықтарына сәйкес жұмысқа орналасып, өз кәсіби біліктіліктерін қоғам пайдасына жұмсауда. Ал үстіміздегі 2020-2021 оқу жылында бакалавр дәрежесінде 7203 адам оқыса, магистратура бағдарламасы бойынша 208 студент білімдерін шыңдап жатыр. Дәрістер ғаламдық COVID-19 індеті салдарынан қашықтан оқыту әдісімен жүріп жатса да, студенттер оқумен қатар университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласып, түрлі онлайн байқаулар мен іс-шараларға қатысуда.

Жетістіктері де бар. Осы үшін алғысымды білдіргім келеді.

Оқу-білім үздіксіз еңбектің арқасында ғана жақсы нәтижеге, жоғары жетістіктерге жеткізеді. Студент жастарымыздың жан-жақты, саналы, терең білімді, бәсекеге қабілетті болуы – қоғам сұранысы. Болашақ әр саланың маманы болатын шәкірттерімізге жоғары сапалы білім мен тал бесіктен алған тәрбиесін тыңғылықты ету университет ұстаздарының абыройлы да басты міндеті болып табылады. Яғни, екіжақты тығыз ынтымақтастық арқасында ғана маңызды миссиямызды орындауға қол жеткіземіз.

Құрметті студенттер, Сіздерді осынау айтулы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, оқуда табыс, өмірде сәттілік, мақсатқа жету жолында қажымас қайрат тілеймін.

**Ізгі тілекпен: Басқарма Төрағасы – ректор м.а.  
Саламат Нұрмұханұлы Идрисов**

## Білім грантына ие болған зерек студент

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор м.а. Саламат Нұрмұханұлы «Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы» кафедрасының 4 курс студенті Дуосенов Асылбек Асырұлына Атырау қаласының құрметті азаматы, ғалым-доцент, Қазақстанның оқу ағарту ісінің үздігі Ғинаятolla Әбдірахманұлының атынан ұрпақтары тағайындаған бір жылдық оқу грантын ұсынды.

2017 жылы өзінің таңдауымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Тарих мамандығына оқуға түскен Асылбек мектеп қабырғасында оқып жүріп-ақ, тарих пәніне деген қызығушылығын ғылыми жобалармен айналысу арқылы ұштастырған. Жоғары оқу орнында профессор-оқытушылардың сапалы білім беруінің арқасында білімін арттыра түскен ол оқуға, қоғамдық жұмыстарға деген ынтасының арта түскенін байқаған. Осындай жетістіктерінің барлығы аяулы ұстаздарының арқасында келгенін айтып, қуанышын жасыра алмады. Келесі жылы университет түлегі атанғалы отырған Асылбек дипломдық жұмысының тақырыбы ретінде Ғинаятolla Әбдірахманұлының еңбек жолын зерттеуге арнағанын айтып, грант тағайындаушыларға ерекше алғысын білдірді.



## «Алтын күз - 2020» байқауы өз мәресіне жетті



Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өтетін студенттер арасында «Алтын күз-2020» онлайн байқауы өтті.

Пандемияға байланысты онлайн форматында өткен байқауға барлық факультеттің 1 курс студенттері белсенді қатысты. «Таныстыру», «Өнер», «Ас мәзірі», «Сән үлгісі» сияқты 4 турдан тұратын байқау қорытындыланып, әділқазылардың шешімімен «Күз ханзадасы мен ханшайымы» анықталды. «Күз Ханзадасы-2020», «Күз ханшайымы-2020» иелері бо-



## Болашақ журналистерге арналған шеберлік сағаты



Гуманитарлық ғылымдар және Өнер факультеті «Журналистика» кафедрасының ұйымдастыруымен республикалық «Қазақстанская правда» газетінің бас редакторы Асыл Сағымбековпен «Журналист шеберлігі» атты кездесу сағаты өтті.

Асыл Сағымбеков өз сөзінде болашақ журналистің бойында қандай қасиеттер болу керектігін айтып, кемшіліктерге бой алдырмаудың жолдары және сапалы әрі қызықты мақала жазудың сырымен бөлісті. Онлайн шеберлік сағаты барысында танымал журналист, тәжірибелі маманнан студенттер қойған әрбір сауалдарына тұшымды, пайдалы жауап және қажетті кеңестер алды.

Шара соңында Асыл Сағымбеков Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, өз тілегін білдірді.

Айта кетейік, Асыл Сағымбеков бұған дейін «Вечерний Алматы» газетінде бас редактордың орынбасары болған. Әр жылдары «Қазақпарат» ақпараттық агенттігінде, «Труд» газетінде еңбек етіп, «Литер» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы болып қызмет еткен.

Шара модераторы әрі ұйымдастырушысы – Гуманитарлық ғылымдар және Өнер факультеті «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Мұқашева болды. ZOOM платформасы арқылы өткен шеберлік сағатына университетіміздің оқытушылары мен студенттері қатысты.



## XII республикалық пәндік олимпиада қорытындысы жарияланды

Қараша айының 5-6 аралығында «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша XII Республикалық пәндік олимпиада Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық ұлттық – түрік университеті базасында онлайн форматта өтті.

I тур шығармашылық жұмыс кезеңі «Құзыретті, кәсіби білікті бастауыш сынып мұғалімінің заманауи бейнесі» деп аталды. Топ визиткасы және топтың еркін түрде өздерін таныстыруы жеребе негізінде жүзеге асырылды.

II тур кәсіби шеберліктерін анықтау, ғылыми жобаны қорғау кезеңі «Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану» деп аталды. Тақырыпқа сәйкес әр топ жазған жұмысын оқып қорғады.

III тур практикалық шеберлік байқауы бойынша «Жаңартылған білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру» сайысы болды. Жеке пәндерден бастауыш мектеп жағдайында сабақтан үзінді көрсетілді.

Жалпы қорытынды бойынша «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы



студенттері III дәрежелі орынды иеленді. Сондай-ақ, «Үздік жоба» номинациясы бойынша марапатталды. Қатысқан студенттер Ә.Сарсенбекова, А.Телжанова, А.Нұрғазы, Г.Нармағанбетова және топ жетекшісі п.ғ.к. А.М.Утешкалиева Алғыс хатқа ие болды.

лып «Көптілді білім беру» факультетінің 1 курс студенттері Хамидулла Темерлан мен Жексенова Ырысгүл танылды.

Жүлделі I орынға «Экономика және құқық» факультеті, II орынға «Инновациялық білім беру» факультеті және III орынға «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің жұптары ие болды.

Байқау онлайн форматта өткенмен, марапаттау мен қорытынды бағалау әділқазылармен дәстүрлі түрде өтті.

Байқау соңында Жастар саясаты департаментінің директоры Қорған Бибінұр Бүркітқызы барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, жеңімпаздарды номинациялармен және ақшалай жүлде қорымен марапаттады.



## Кітапхана – рухани байлық мекені



«XXI ғасыр-мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі - кітапхана» деп Елбасы атап өткендей, кітапхана – барлық ілім, білім бұлағы боп саналатын, кітап, газет-журнал шоғырланатын рухани орда, талай ғұлама бас иген киелі орын.

Бүгінгідей ғылым мен техника, технологияның қарыштап дамыған заманында да кітап, кітапхана өзінің құндылығын жоғалтпай, қызметін жаңа жүйемен жалғастырып келеді.

Соның бір дәлелі - университет кітапханасының түрлі салаларға қатысты әдебиеттермен толықтырылып отыруы.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорынан ғылыми кітапханаға ағылшын тілінен қазақ тіліне

аударылған 30 атауымен (131 данадан) барлығы 3930 кітап келіп түсті.

Оқулықтардың жаңа топтамасы білім беру ісін зерттеу, философиялық саясат, этика, эстетика, макро-экономика, статистика, музыка, театр-тану, кино және медиа бағыттарын қамтыған.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қашықтан оқу кезінде студенттер мен оқытушылар, жалпы оқырман қауым үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында «онлайн кітапхана» жүйесін іске қосты.

Университеттің ғылыми кітапханасының электронды қорын пайдалану үшін <http://asu.kabis.kz> сілтемесі арқылы кіре аласыздар.

# ТАРИХШЫ МЕРЕЙІ

Өңіріміздегі зиялы қауымның орталығы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің дамуы мен жетістіктеріне ұжымымыздағы әрбір жеке тұлға өзінің күнделікті еңбегімен үлес қосқаны сөзсіз. Университеттің дамуына өмір жолын арнап жүрген әріптестеріміз - ұстаз ғалымдарымыз аз емес. Әсіресе, олар өздерінің еңбек жолын осы ұжымда бастап үлкен жетістіктерге жетіп, қоғамда танымал тұлға болуы үлкен мәртебе деп білеміз.



Биылғы оқу жылында мерейлі жасқа келген әріптесіміздің бірі – тарих ғылымдарының докторы Жамиға Тәжікқызы Таңатарова.

Киелі Жылыой өңіріндегі Сарықамыс ауылында 1960 жылдың 6 қарашасында дүниеге келіп, осы ауылдағы мектепті бітіріп, еліміздің ең ірі жоғары оқу орны С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетіне тарих факультетіне тарих мамандығы бойынша оқуға түсті. 1985 жылы тарихшы, тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша аяқтап, осы жылы бүгінгі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне Кеңес Одағы Коммунистік партиясы тарихы кафедрасына оқытушы болып қабылданды.

Студенттік кезінен бастап қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, барлық жаңалықтарға жақын жүретін Жамиға Тәжікқызы еңбек жолында да бірден белсенді жас маман ретінде танылды.

2020–2021 оқу жылында педагогикалық қызметіне 35 жыл толған Жамиға Тәжікқызы ұстаз, ғалым, басшы ретінде Атырау университетіне ғана емес, Атырау облысына танымал тұлға айналды.

Бүгінде атыраулық тарихшылар қатарында өзіндік орны бар ғалымның негізгі зерттеу тақырыбы еліміздің тарихындағы зұлмат жылдар 1930–1937 жылдардағы коллективтендіру, Кеңес үкіметінің күштеп отырықшыландыру саясатының зардаптары, қазақ зиялылары, олардың саяси-рухани көзқарастарын зерделеу болып табылады. «Қазақстанның бағыс аймағындағы күштеп отырықшыландыру және оның ауыр зардаптары (1930–1937 ж.ж.)» тақырыбындағы 1999 жылы қорғаған кандидаттық, 2008 жылы «Г.И. Потанин және қазақ зиялылары: саяси және рухани көзқарастарды тарихи талдау» тақырыбында қорғаған докторлық диссертациясы да күні бүгінге дейін өзекті тақырыптар болып табылады. Ғылыми жұмыстары мен зерттеулері нәтижесінде «Қазақстанның батыс аймағындағы күштеп отырықшыландыру және оның ауыр зардаптары (1930–1937 ж.ж.)» монографиясын, «Көшпелілерді отырықшыландыру ерекшеліктері: Батыс Қазақстан және көрші Қалмақстан тәжірибелері», «Қазақстанның сыртқы саясаты» оқу-әдістемелік құралдарын, «Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты бағыттары» оқу құралын жариялады.

Тарих ғылымындағы өзекті мәселелер бойынша зерттеп жүрген Ж.Т.Таңатарова 2019 жылы «Тарих және қоғамдық ғылымдар Академиясының» академигі болып қабылданды.

Ғылыми-педагогикалық жұмысымен бірге университетте басшылық қызметте атқарды. 2001–2004 жылдары Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті әлеуметтік-экономикалық сұрақтар жөніндегі проректоры, 2006–2007 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Әлеуметтік мәселелер және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры, 2011–2012 жылдары оқу орнының ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, 2012–2013 жылдары ректор кеңесшісі, 2013–2016 жылдары ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор лауазымында университеттің дамуына үлес қосты.

Жамиға Тәжікқызының басшылығымен 2004 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен Атырау университеті базасында ұйымдастырылған «Жас Толқын» республикалық студент жастардың шығармашылық фестивалі жоғары деңгейде өтті. Атырау университеті мен Атырау облыстық әкімдігімен бірлесе ұйымдастырылған Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына,

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған халықаралық ғылыми форумдар мен конференциялардың жоғары деңгейде өтуіне белсене қатысып, ғылыми мазмұнына жетекшілік жасады.

Тәуелсіз Қазақстанның нығаюы мен дамуына әрқашан кәсіби тарихшы ретіндегі көзқараспен қарап, қоғамдық-саяси өзгерістерге пікірімен үн қосып отыратын Жамиға Тәжікқызы бүгінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі «Рухани Жаңғыру» кеңесінің жетекшісі.

Профессор Ж.Таңатарованың үлкен еңбегінің бірі – атыраулық тарихшылар мектебінің аса көрнекті өкілі профессор Хисмет Табылдиевтің ғылыми мұрасын зерттеуі. Соңғы екі жылдың ішінде Хисмет Бозанұлының мол ғылыми мұрасына ауқымды талдау және зерделеу жұмыстарын жүргізіп «Атырау қаласының тарихы», «Атырау облысының тарихы» монографияларының жарыққа шығуына өлшеусіз үлес қосты.

Жамиға Тәжікқызының тағы бір қыры – қоғамдық белсенділігі. Атырау облысы іскер әйелдер ассоциациясының белсенді мүшесі, Атырау облысы әкімдігінің кәсіпкерлік, индустриялық инновациялық даму басқармасы жанындағы ғылыми-инновациялық кеңестің мүшесі ретінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант қолдауына ұсынылып отырған шағын кәсіпкерлік жобаларға сараптамалық талдау жүргізу, ғылыми қорытынды жасау жұмыстарына қатысуы сөзіміздің дәлелі болып табылады.

Сонымен бірге «Nur Otan» партиясы жанындағы саяси көшбасшы әйелдер клубының мүшесі ретінде республика, облыс, қала өміріндегі маңызды оқиғаларға үн қосып отырады.

Бір ерекше атап өтерлігі, бүгінде өңірімізге танымал ұлағатты отбасының ұйытқысы болып отырған Жамиға Тәжікқызы өзінің тұлғалық қалыптасуында ата-анасының отбасындағы тәрбиесі ерекше орын алатындығын әрқашан ықыласпен атап отырады. Ғалымның «Қазақстанның батыс аймағындағы күштеп отырықшыландыру және оның ауыр зардаптары (1930–1937 ж.ж.)» атты кітабының кіріспе бөлімінде «осы бір шағын еңбегімді өмірден кеткен абзал әкем – Тәжік пен аяулы анам – Қамияға арнаймын» деп жазуынан ата-анасына деген құрмет пен махаббат сезімін байқаймыз.

Қараша айының 10 жұлдызында Жамиға Тәжікқызының мерейлі жасына арналған университеттің ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісі өтіп, әріптесіміздің ғылыми-педагогикалық қызметі және тұлғалық келбеті жайында университеттегі әріптестерімен қатар Астана, Алматы қалаларынан тарихшы ғалымдар, елімізге танымал қайраткерлер, бірге оқыған группа-ластары, шәкірттері баяндап, мерей-герге жүрек жарды тілектерін арнады.

Қазіргі кезде ғылымда адам есімінің өміріне ықпалы жайында жазылып келеді. Осы бағытта алып қарасақ, ЖАМИҒА араб тілінде біріктіруші, жинақтаушы деген мағына береді. Сөзіміздің дәлеліндей шын мәнінде Жамиға Тәжікқызы өзінің адами қасиеті, кәсіби қызметімен ұжымды біріктіріп, салмақты пікірімен ұжымдастар арасында абыройға ие болған тұлға.

Университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Таңатарова Жамиға Тәжікқызын мерейлі жасымен университетіміздегі әріптестері атынан шын жүректен құттықтаймыз!

**Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА**  
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, асқаралы алпыстың шыңын бағындырған менің ғылыми жетекшім болған ұлағатты ұстаз Шолпан Исағалиқызы туралы жазғанда, профессор ғалымның толассыз еңбек жолы мен өмірлік тәжірибесі ұшан-теңіз екені байқалады. Өлшеусіз еңбектің иесі болу кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Санаулылардың сапында елеулі атанған Шолпан Джанзақованың университетіміздің даму даңғылында да қосқан үлесі зор.

# ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС



Тәуелсіздік алған жылдан бастап жан-жақты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда этномәдени білім беру мен осы саланы зерттейтін ғылым – қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық-теориялық негіздері қалыптасты. Осы негізде оқушыларға этностық-мәдени білім берудің әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелерін шешуде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру» тұжырымдамасының маңызы зор болды. Бұл ғылыми-теориялық құжат өмір қажеттілігінен туындады.

Егемендігіміз еңселенгеннен кейін Қазақстан Республикасы адамның ұлтына қарамастан, оның құқықтары мен бостандықтарын тануға, ұлттардың тең құқықтылығы мен этносаралық тұрақтылықтың сақталуына, қазақстандық патриотизмінің кеңінен тарап, халықтың этностық-мәдени мүдделерінің іске асуына басымдық берді. Білім беру саласында да оң өзгерістер қанат жайды: жаңа типті оқу орындары өмірге келді, жаңа буын оқулықтары әзірленді, ұлттық тәлім бағдарламалары іске асырыла бастады, мектепке ұлттық құндылықтар орала бастады.

Қазіргі таңда, этнопедагогика жеке оқу ретінде әдіснамалық, теориялық және практикалық жағынан негізделді, білім стандарттары жасалып, бағдарламалары әзірленіп, оқулықтары жазылды. Сондай-ақ, жеке оқу пәні ретінде оқу орындарына ендірілді. Бұл мәселені жан-жақты зерттеген ғалым Ш.И. Джанзақованың «Этнопедагогиканы жеке пән ретінде құрудың ғылыми негіздері» атты ғылыми еңбегінде философия мен ғылым әдіснамасындағы ғылыми және оқу пәндері ара-қатынасының әдіснамалық негіздері анықталған, этнопедагогиканың ғылыми пәндік моделі компоненттерінің мазмұны нақтыланған, жеке оқу пәні мәртебесіндегі этнопедагогиканың болжамдық моделі қарастырылған, этнопедагогиканың құрылымдық-мазмұндық-қызметтік компоненттерінің сипаттамасы айқын көрініс табады.

Сонымен, Қазақстанда этномәдени білім берудің даму кезеңі еліміздің тәуелсіздік алып, халықтың ана тілі, ұлттық мәдениеті, төл тарихымен толыққанды қауышпауға мүмкіндік алған тарихи кезеңнен, яғни 90-жылдардан басталып, бүгінге дейінгі, әзірге қысқа да болса ғасырларға бергісіз, аралықты қамтиды. Отбасына, мектепке ұлттық тәрбие қайта оралды, қоғамда халықтық тәлім-өнегеге бетбұрыс басталды, бұл үдеріске қазақстандық педагог-ғалымдар да өз үлестерін қосуда. Соның нәтижесінде «Этнопедагогика» жеке оқу пәні болып қалыптасты. Соның авторы – өзіміздің ғылым жолындағы жетекшіміз, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Педагогика» кафедралық лабораториясының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Джанзақова Шолпан Исағалиқызы.

Шолпан Исағалиқызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 1988 жылдың 1 маусымынан бастап Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, 1991 жылғы 2 ақпаннан бастап кафедраның аға оқытушысы, 2000 жылғы 22 қаңтардан Психология кафедрасының меңгерушісі, 2003 жылдың 1 желтоқсаннан бастап кафедраның аға ғылыми қызметкер лауазымын, 2005 жылдың 27 маусым айынан бастап Сырттай қысқартылып оқыту факультетінің деканы қызметін атқарып келді. 2008 жылдан бастап университет жанындағы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.61.02 біріккен диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, 2009 жылдан бастап жалпы және халықтық педагогика кафедрасының профессор меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Шолпан Исағалиқызы Ресейдің ғылыми орталығы Мәскеу қаласындағы Ұлттық білім беру мәселелері институтындағы белгілі ғалым, академик Г.Н.Волковтың жетекшілігімен қазақ халқының этнопедагогикасын ғылыми тұрғыдан тыңғылықты

зерттеуді қолға алды. Көптеген ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырған күрделі тақырыпты зерттеу оңай болған жоқ. Ол аталған тақырыпты жан-жақты зерттеп, 1998 жылы Ресейдегі аталған институт жанындағы мамандандырылған К113.09.01 Кеңесте «Этнопедагогизация экологического воспитания младших школьников в казахской школе» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Ұлағатты ұстаз тынымсыз зерттеушілік қарымымен қазақ этнопедагогикасы ғылымындағы әлі де көп зерделеуді қажет ететін этнопедагогиканы жеке пән ретінде енгізудің ғылыми бағытын зерттеп жүрген белгілі ғалымдардың бірі. Зерттеуші өзінің ғылыми ізденістерін іс жүзінде ұдайы қолданысқа енгізіп жүреді. Соның бір айғағы ретінде оның «Этнопедагогика – жеке оқу пәні» атты монографиясының жарық көргенін атап айту керек.

Профессор Шолпан Исағалиқызының жетекшілігімен Джонисова Гулжания Кабдолғалиевнаның «Бастауыш мектептің оқу тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру», Альмурзаева Бибиғұл Келисовнаның «Педагогикалық ерекшеліктері мен педагогикалық личности учителя современной школы», Исламғалиева Виктория Жанабаяевнаның «Использование дидактического материала в формировании культуры нравственных отношений младших подростков в целостном педагогическом процессе школы», Абдол Элеонора Досжанқызының «Кенжалы Аймановтың қоғамдық-ағартушылық қызметі және педагогикалық идеялары» тақырыптарындағы кандидаттық диссертациялық жұмыстары сәтті қорғалды, сонымен қатар, ол көптеген магистрлік жұмыстарға жетекшілік етуде.

Шолпан Исағалиқызы оқыту мен тәрбиелеу ісінде өзіндік қолтаңбасын салып, ұстаздық еткен 32 жылда Атырау облысының әкімінің Құрмет грамотасы, ҚР БЖҒМ «Құрмет грамотасы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен, «Ы.Айтғынсарин» төс белгісімен, Қоғамдық марапаттар жөніндегі Республикалық Кеңестің «Білім беру саласының үздігі» медалімен, Қазақстан Республикасы Университеттер қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы күміс медалі, «2019 жылдың ЖОО үздік оқытушысы» атағымен марапатталған.

Ғалым ұстаздың ұжымда, студенттер мен магистранттардың алдында үлкен беделі бар, ұйымдастырушылық қабілеті зор үлгілі жетекші. Ұстаздықтың ұлы даңғылында алтын ізін қалдырып, саналы ұрпақтан білімді тұлға қалыптастыруда еңбегі елеулі. Ұстаздық жолдың ұлтылығы да осында.

Мерейлі жас иесі Шолпан Исағалиқызына сәулелі ғұмырдың баяндысын, абыройлы еңбектің берекелі жемісін, биік мақсаттардың нәтижесін шыңдарын тілеймін. Алпысты асып өтіп, белестерді бағындырып, өмірлік жолыңызда жарқын жетістіктерге жете беріңіз.

**Элеонора АБДОЛ,**  
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан жастар сыйлығының және мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Әнұранының авторы Жүмекен Сабыржанұлы Нәжімеденов 1935 жылдың 28 қарашасында Атырау облысы, Құрманғазы (бұрынғы-Теңіз) ауданы, Қошалақ ауылдық кеңесіне қарасты Ашақ деген жерде туған. Әкесі Сабыржан Отан соғысында қаза тауып, болашақ ақын ата-әжесі мен анасының тәрбиесінде өседі. Жасынан домбыра тарту мен ақындық өнерлеріне құштар болып, өсе келе екеуін де меңгеріп, шеберлігін шыңдай береді. Ол мектеп бітіргеннен кейін еңбекке араласады, мектепте-тәрбиеші, Қарағанды көмір шахтасында шахтердің көмекшісі болып қызмет істейді. Алматы қаласындағы консерваторияға түсіп, бірнеше курсында оқиды, бірақ бітірмейді. Ақындыққа біржола берілген Жүмекен КСРО Жазушылар Одағы жанындағы Жоғары әдебиет курсына оқып бітіреді де республикалық баспасөз және баспа орындарында жұмыс істейді. Ол республикалық “Жазушы” баспасында редактор, республикалық “Лениншіл жас” газетінде әдеби қызметкер, Қазақстан жазушылар Одағында әдеби консультант, Қазақ КСР баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі республикалық комитетте көркем әдебиет және оқу әдістемесі бөлімінің редакторы, “Мектеп” баспасының бөлім бастығы болып қызметтер атқарды.

Жүмекен Нәжімеденов шығармашылығын үш кезеңге бөлуге болады: алғашқы ақындық оқу қалыптасу кезеңі; екінші – прозаға ден қойып, романдар шоғырын тудырған, бірақ поэтикалық шығармашылығын қатар жүргізген кезең; үшінші – ақындық өнердің шырқау биігіне шыққан шығармашылық кемелдену кезеңі.

Жүмекеннің алғашқы жинағы – “Баласау” 1961 жылы жарық көрді. 1970 жылға дейін шебер жазылған поэтикалық жинақтарын бірінен соң бірін жариялады: “Сыбызғы сыры”, “Өз көзіммен”, “Жарық пен жылу”, “Жоқ, ұмытуға болмайды”, “Күй кітабы”, “Мезгіл әуендері”, “Қызғалдақ жайлы баллада”, “Ұлым, саған айтам”.

Ал, 1972 жылы “Мен туған күн” атты таңдамалы шығармалар жинағы – шығармашылық он жылдың

өтті. Жігерлі талпыныс, бойға біткен табиғи талантты еңбекқорлықпен баптай білушілік оны майталман лирик дәрежесіне көтерді. Шығармашылық болмысындағы ерекшелік пен асқан шеберлігімен Ж.Нәжімеденов қазақ әдебиетінен өзіндік лайықты орнын алды.

Ақынның лирикалық қаһарманы – үлкен интеллект. Ол ұсақ-түйек төңірегінде, от басы, ошақ қасында қалып қоймайды. Оның басты көтеретін мәселесі – адамгершілік, ар алдындағы борыш, ізгі қасиеттер үшін күрес, күллі өмірдегі адам ар-ожданына кереғарлықтардың бәріне қарсы майдан ашу, халықтық проблемалар, бүкіл планеталық мәселелер. Лирикалық қаһарманның ойлайтыны жеке бастың қамы емес, халық мүддесі. Айнала етектен тартқан ескілік, мансапқорлық,



## ОЙШЫЛ СУРЕТКЕР,

қорытындысы ретінде дүниеге келді.

Жетпісінші жылдардың басынан бастап ақын прозаға ден қойды да, “Ақ шағыл”, “Кішкентай”, “Даңқ пен дақпырт” атты романдарын, “Домбыра мен көсеу” және “Бетпе-бет” деген повестерін жазып, “Жұлдыз” журналының бірнеше санында жариялады, кейін романдары жеке-жеке кітап болып, “Жазушы” баспасында әр жылдары басылған романдары оқушылар арасына кең тарап, Жүмекен оқырмандарды прозадағы шеберлігімен тәнті етті. Жұртшылық ақынды біржола прозаға ауысты деп ойлады. Бірақ Жүмекен поэзияның да інжу-маржандарын прозамен қатар туындатты. Проза саласында біраз шарықтаған қаламгер жетпісінші жылдардың аяқ кезінде поэтикалық жинағы “Жеті бояу” арқылы жарқырай көрінді. Сексенінші жылдардың бас кезінде “Шуақ”, “Ашық аспан”, “Қыран – қия”, “Менің топырағым” атты өлең-дастандар жинақтарымен қазақ поэзиясына жаңа леп, өзгеше өрнек алып келді. Ақынның соңғы екі жинағы өзі дүниеге салғаннан кейін жарық көрді. Жүмекен ұзаққа созылған ауыр науқастан 48 жасында 1983 жылы қараша айының 22 жұлдызында дүниеге салды.

Ол қысқа өмірінің ішінде асқақ ақындығымен өз үнін естірте көзге түсіп, өшпейтін көркем туындылар қалдырды.

Жүмекен Нәжімеденов – тұлғалы талант. Қазақ поэзиясы жөнінде сөз қозғала қалса, Жүмекенді ауызға алмай өту мүмкін емес. Ол сонау алпысыншы жылдардың өзінде-ақ жұрт назарына өзінің ақындық ерекшелігімен ілінді. Әбділда Тәжібаев Нәжімеденовтің тырнақалды туындылары туралы бірден: “Жүмекен сөз жоқ, ешкімге ұқсамайтын, өзіндік ақындық жаратылысы, өзіндік бейнесі бар, көп ойлап, көп оқитын, көп ізденетін жас, Жүмекен жұртшылығымызды қатты үміттендіретін ақын” деген болатын.

Ж.Нәжімеденов ақын ретіндегі жемісті еңбек еткен кезі – алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдар, яғни қазақ поэзиясының философиялық тұрғыдан тереңдеп, көркемдік жағынан әрлене түскен кезеңі қазақ поэзиясына ақын өз үлесін осы тұста қосты және ол қазақтың сөз өнерін өркендету жолында қаламы қолынан түскенше еңбек етті.

Жүмекен поэзиясы сан қырлы. Ақын поэзиясы бірден қалыптаса қалған жоқ. Өмірді шынайы бейнелеу жолында талай ізденіс соқпақтарынан

көрсөкырлық, аярлық, опасыздық, қаныпезерлік тынышын алып, түн ұйқысын төрт бөледі. “Өлең – сирена”, – дейді Қадыр Мырзалиев. Жүмекен ақынның әр өлеңі – ақын сезімінің сиренасы. Оның лирикалық кейіпкері өзін әлем алдында, адамзат баласы алдында үлкен жауапкершілік сезінеді.

Ж.Нәжімеденовтің азаматтық үні “Жүрегімде бір тамшы қан болса егер” деп басталатын өлеңінде-ақ анық естіледі. Ақын ойлары кесек айтылған бұл өлең кеудеден қайнап шыққан көңілдің ақ жамбасындай үлкен толғанысты туынды. Лирикалық кейіпкер өзін денені аралайтын бір тамшы қанға балап, сол қан сияқты туған жердің тамыр-тамырын аралайтындығын айтады. Адам қансыз өмір сүре алмайтын болса, ел де адамсыз өмір кешуі мүмкін емес деген ой айта келіп:

Мен кідірсем терім сүртіп бір сәтке,  
Бүкіл дүние тұрып қалар секілді, –  
деп тұжырымдайды. Ақынның осы шағын өлеңі ақынның бүкіл поэзиясының лейтмотиві деп есептеу керек.

Ақын – заман перзенті, сондықтан заман үнімен үндесе, заман ағымымен бірге болуы керек. Заманның әр сәт сайын қояр сауалына жауап беру – әр қаламгердің азаматтық борышы. Жүмекен мұны терең сезінеді. Оның кез-келген өлеңінен өмірге деген ерекше құштарлықты көретініміз осыдан. “Жүрегімде бір тамшы қан болса егер” деген өлеңімен үндесіп жататын “Соқ, сағат” атты топтама жырлардың мәні де ерекше терең. Ақын уақыт, заман, өмір туралы ой-сезімдерін бес өлеңге топтастырады.

Ақын заманның құбылмалы мінезін дөп басып, дәл бағалайды. XX-ғасыр аласапыран төңкерістер, қаһарлы қақтығыстар, өсулер мен өшулер, жарылыстар мен жаңғырықтар, кереғарлықтар қаптаған, адам ойын талқандап, адам жүрегін тебірткен ғасыр. Өмірде шиеленістер туындап, жаңалықтар ашылып, самғаулар мен шарықтаулар болып жатқан ғасырда ақын жайбарақаттық жасай алмады. Ол өзі де: “Тағы бір ғажайып түн өтті – тек қана үлгірдім құмартып” деп зулап бара жатқан заман екпініне уақыт жүрдектігіне ілесу қиын екендігін айтады. Лирикалық кейіпкер адал азамат атынан сөйлеген. Асығу, заман, қоғам көшіне ілесу, тіпті одан оза жүру ақына ғана емес, ең бастысы, планета алдындағы жауапкершілігін сезінген адамға қажет.

Жүмекен поэзияның дәстүрлі төрт тақырыбында да (әлеуметтік, махаббат, табиғат, көңіл-күй) қалам тербегені белгілі.

Әлеуметтік лириканың тақырыптары сан-салалы соғыс пен бейбітшілік, еңбек, туған жер, бала-перзент, ата-ана, достық, еңбек, өнер және тағы басқалар. Қай-қай тақырыпқа жазса да Жүмекен шабытпен жырлады. Оның өлеңдерін оқып отырған адам неше түрлі психологиялық жай-күйлерді бастан өткізе алады. Өйткені оның өлеңдері оқушысын бірден өзінің тұңғыш тереңіне тартып әкетеді. Бұл шағын мақаламызда оның есепсіз көп лирикалық туындыларын талдау мүмкіндігі жоқ. Тек қана осы тақырыптар бойынша азғана жырларын атап өте аламыз. “Менің қағбам”, “Қошалақ”, “Жұмсамаңдар, достарым, дәрігерге”, “Әжеме” – деген өлеңдерінде туған жерге деген сүйіспеншілік жырланса; “Сонау соғыс күндері”, “Қыс – 80”, “География”, “Әкелер мен ағалар”, “Нейтрон бейнесі” – соғысқа қарсылық үні және бейбітшілікке шақыру идеясы қозғалады; “Отан”, “Шахта туралы есте қалғандардан”, “Егін”, “Тер” атты лирикалық туындылары еңбекті дәріптейді; “Қайран шешем”, “Адай”, “Паганини”, “Алатау” және тағы басқа өлеңдерінде күй саздарын поэзия тіліне аударып жырлауда шеберлік көрсетеді.

Уақыт өте келе ғажайып творчестволық эволюцияны басынан өткізген Жүмекен жазу машығы мен мәнерін өзгертіп, суреткерлік қиялы, поэтикалық пафосы, шабытты шалқуларға бет бұрды. Ақын творчествосының үшінші кезеңінде жалпы қазақ поэзиясына тән сан алуан өрім-өрнектердің бәрі араласып кеткен бұдан өлеңдер тудырды. Мұндай өлеңдер екі топқа бөлінеді: балладалар мен монологтар, (толғаулар) “Дастархан”, “Балуан”, “Топырақ”, “Ақсақ құлан”, “Құлан күйі” атты және тағы басқа ондаған балладалар болса; “Тамшы”, “Көше”, “География сабағында оқушыларға Пасхи аралын таныстыру” және тағы басқа монологтар да жетерлік.

Ж.Нәжімеденов лирикасының бір бөлігі табиғат тақырыбына арналған. Табиғат – Жүмекен поэзиясының өзегі. Ақынды табиғаттың барлық суреті қызықтырады. Тау, күннің батуы, түн мен таң, күм мен бұлақ, найзағай мен күннің күркірі, жаңбыр мен қар, бұлт, жыл мезгілдері...

Жылдың әр мезгілінен өзіндік әсемдікті, табиғаттың өз келісімін, яки гармония-

сын табады. Ақынның табиғатқа арнаған өлеңдері жай ғана бақылау жазбалары емес, бейнелі сурет. Онда табиғаттың әр тынысы адам ұлылығымен қабысып жатады. Оқырманды терең ойға бөлейді. Ол жылдың қай мезгілінен болсын көз тойтын көрік, жан тебіренетінлік құбылыс таба білді. Әр құбылысты ол өз ақындық көзімен көреді. Өлеңді оқи бастағанда-ақ суреттеулеріне қарап ақынның қай мезгілді, қай құбылысты бейнелеп отырғанын әр оқырман жанды сөздер арқылы аңғарады.

Көркем әдебиетте махаббат мәңгілік тақырып екені мәлім. Жүмекеннің махаббат лирикасын екі топқа жүйелеуге келеді, бірі – ғашыққа деген ыстық сезім, тұңғыш кездесу, ғашығымен алғаш тілдесу, кейіпкердің шарықтаған қиялы; екіншісі – үйленгеннен кейінгі мінез жарастығы, үнсіз ұғысу, үндестік. Ақынның махаббат тақырыбына арналған “Жас балалар шаттанды”, “Сонда біздің ауылға”, “Сенің шашың түн десем”, “Күлімдеудің жоқ секілді керегі”, “Екі сатушы” атты өлеңдерін ерекше атауға болады.

Ақынның аталмыш тақырыптағы лирикасы адал, таза сезімді, мөлдір махаббатты қастерлей білуге тәрбиелейді. Махаббат жолында қандай кедергі-қиындық кездесе де төзе білуді, сұлу сезім тұрақтылығын дәріптейді.

Көңіл-күй лирикасы да ақын шығармашылығынан аумақты орын алады. Ақын кей тұстарда өз көңілімен өзі сырласып, өзімен-өзі оқшау толғанады. Бұл әр құбылыс, әр оқиға, іс-әрекет туралы оның ішкі үні, жүрек түкпіріндегі нәзік дірілі, сырлы сарыны. Лирикалық кейіпкердің өзімен-өзі болып толғануында жан тебіренетінлік нәзік мұң жатады.

Ақынның ішкі сырының, философиялық ойларының оқырман көңіл-күйімен, толғанысымен үндесе кетуі – өлең өміршеңдігінің кепілі.

Жүмекен Нәжімеденов қазақ лирикасын тақырыптық жағынан байытты, оның мазмұнын тереңдетті, пішінін жетілдірді, жанрлық жаңа белестерге биіктетті.

Ол стиль жағынан да ешкімге ұқсамаса, оның лирикалық кейіпкері де өзгеше болмыс бітімімен дараланған.

Нәжімеденов алпысыншы-сексенінші жылдардағы қазақ лирикасының шындықты терең философиялық толғаныстармен бейнелеу тәжірибесін молықтыра, байыта түсті.

Қазақ поэзиясының қадым заманнан бері қалыптасқан эпикалық

дәстүрін жаңа сатыға көтере дамытып, алпысыншы-сексенінші жылдарда оның дастан, поэма секілді кең көлемді жанрлық түрлерін байытып, оларға мазмұн жағынан да, пішін жағынан да айта қалғандай жаңалық қосты.

Ақынның бұл жанрда қозғаған түбірлі тақырыптарының көпшілігі әдебиетімізде бұрыннан көркем жинақталып, әр дәуірдің әртүрлі идеологиясына сәйкес идеялық шешімін тауып келді. Нәжімеденов эпикасының нұсқалылығы, міне, дәл осыларға органикалық түрде өз бояуын қосып, сол фонда өз сипатын ерекшелендіруінде жатыр. Бұл тағы да ақынның ой-толғамдарының даралығына, көркемдеу құралдарының жаңалығына саяды. Бұл қасиет Жүмекен дастандарының композициялық құрылымымен сюжет желісінен бастап, шындықты шынайылау, образдарды мінездеу мен мүсіндеу секілді суреткерлік әрекеттерінің бәрінен анық танылады.

Ж.Нәжімеденовтің дастандары түрлі-түрлі: кең диапазонды толғау түрінен лирикалық поэмаға, одан үлкен эпикалық полотноға ұласып жататын кесек-кесек туындылар бар.

Ақын, әсіресе, лирикалық дастан жазудың шебері. Оның шеберлігі публицистикалық және философиялық поэмаларынан айқын көрінеді. Қаламгер лирикалық дастандарында көкірегіңде туындап, шешіліп, іздеген проблемалық жайларды ұтымды қозғайды, оқырмандарға сол проблемалар төңірегінде ұланғайыр ой салады. Олардың көңілін жаңа, тың құбылыстарға аударып, солардың бұрын-соңды мәлім болмаған құпияларына барлау жасайды. Ақын қозғаған проблемаларын

дастандар циклы болып дүниеге келді, олар: “Қанды сүт”, “Көзсіз батыр”, “Келін”, “Соңғы махаббат”. Бұл дастандарда жойқын соғыс зардабына қарсы майданда да, тылда да зардап шеккен қарапайым адамдардың трагедиялық тағдыры да үлкен тебіреніспен суреттеліп, қазақ әдебиетіндегі майдан тақырыбындағы поэтикалық шығармалардың қатарынан өшпестей орын алды.

Ақын аяқталған бірқатар дастандарының кейбіреуін оқырмандарға толық ұсынып үлгіре алмады. Өзі дүние салғаннан кейін баспа бетінде кейбіреуі тұтас, қайсысы үзінді түрінде жарияланды. Олар: алпысыншы жылдары жазылған “Бұл жолы ол шынын айтты”, “Менің әкем” атты туындылары, жетпісінші жылдардың басында дүниеге келген “Ақ қайраң”, “Алдар көсе” дастандары еді.

“Бұл жолы ол шынын айтты” атты шығарма жеке басқа табыну кезеңінің шырғалаң сырларын шертеді. Ақынды планета тағдыры, адамзат тыныштығының бұзылуы әруақты алаңдатып, болашақ ұрпақ амандығын сақтау мәселесіне қатты мазасызданады. “Ақ көгершін” атты лирикалық дастаны осы проблемаға, бейбітшілік тақырыбына арналған.

Жүмекен өткен заман өміріне, тарихқа зер салды. “Менің әкем”, “Жаңғырық”, “Ақ қайраң” дастандары тарихи тақырыптар, аңыздар негізінде туындаған.

Лирикалық шығармаларында эпикалық жанр көрнекті орын алады. Ақын дастандарындағы шеберлік лирикадағы шеберлігімен егіз. Оның қысқа өлеңдеріндегі ойлары ірі шығармаларында өрбіп, толысып, жалғасына тауып отырады. Өлең шумақтарына сыйғыза алмаған пікірлерін ақын дастандарының желілі тарауларында жеріне жеткізе дамытады.

Ақын қазақ эпосын мазмұн жағынан да, пішін жағынан да байытты. Махаббат мәңгілік тақырып ретінде шынайы жырланса, тарихи тақырып та терең қозғалды, философиялық толғанысты да тың өріске шығарды. Қазақ поэма-сына фантазия мен сатира элементтерін әкеліп, шуақты юмор дарытты.

Ақын эпикасы сюжетті, сюжетсіз лирикалық дастандардан тұрады. Ол қазақ поэмасының сюжетін шебер, фабуласын қызықты құрудың әралуан үлгісін көрсетті. Болмысы бөлек, бірегей лирикалық дастандармен де оқырман қауымды қызықтырды, поэзиядағы публицистикалық жанрды дамытуға қомақты үлес қосты.

Ж.Нәжімеденовтің поэмалары – қазақ әдебиетіндегі дастаншылық дәстүрді ілгері дамытқан, жаңалығы мол, мазмұны терең, пішіні сұлу сырлы мұра – қымбат қазына.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жүмекен Нәжімеденов шығармашылығының екінші кезеңінде прозаға дендеп, бірқатар прозалық шығармалар да тудырды. Бұл – жетпісінші жылдар еді. Бұл жылдары ақын өлеңдерін баспасөзде жариялануын кілт доғарып, тек қана прозамен болды. Мұндай жай ақынның шығармашылығында кездесіп отыратын құбылыс. Ақын көкірегіңде жиналып қалған шындықты поэзиямен бейнелеуге мүмкіндігі болмай қалған жағдайда қара сөзге ден қояды. Шынында да, Жүмекеннің бала кезінен көрген-білген, өмірден түйгені көп болатын. Ол зерделілігінің нәтижесінде болашақ көркем әдебиеттің белгілі қайраткері болуының негізін ауылдан, ауыл адамдарынан, шәкіре қарттардан, дархан халқымыздың шалқыма көңіл-күйінен, кестелі әдемі сөз орамдарынан, тілінен дарытты.

Сөз өнеріндегі үлкен шеберлігін поэзияда көрсете білген ақын прозада да тілдің майталман жорғасындай төгіле жөнелді. Ақын қаламынан туған алғашқы “Ақ шағыл” романы арқылы прозада да шеберлігін бірден байқатты. Оқиғаларды баяндау, портрет, пейзаж табиғат суреттерін бейнелеу, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, адам образын қолға ұстатқандай сенімді етіп көрсетуі туралы шығарма алғаш “Жұлдыз” журналына жарияланғанда-ақ оқырмандар өз лебіздерін баспасөзде білдіре бастаған-ды.

Жүмекен прозаға ешқандай дайындықсыз күрп ете түссе де, қаламы қарымды прозаны ретінде көрінді. Сонымен бірге қаламгердің ақындығы романдарында айна-қатесіз көрініп, оқырмандарын қанаттандырып, желпіндіріп отырады. Жүмекенді проза саласында да едәуір із қалдырды деп айта

ауыл, елдегі тапшылық малға, оның емшегіне ғана қараған тұрмыс, ер азаматтары мен ер жеткен балаларын соғысқа аттандырып, оларды аман-есен оралуларынан үміттеніп өмір сүрген қарттар, әйел-балалардың мұңды жайлары тамаша бейнеленген.

Ал, “Кішкентай” атты романда соғыс біткеннен кейінгі ауыл өмірі көрінеді. Алғашқы романдағы бала Идеяттың енді есін білген шағы, Нәжімеден қарттың соғыстағы баласынан айырылған, ендігі үміті, өмірінің жалғасы осы боп сезілген кезең. Бұл романда да ер азаматтар жауды жеңгенмен, көбі елге оралмай, қара қағаз алып, бас көтергендерден айырылып, қаңырап қалған кез. Жеңіске жеткенмен, әлі де жетпестік жайлаған тұрмыс күйі шеберлікпен типтендіре суреттелген.

Бір-бірінің жалғасы іспеттес бұл екі романды оқыған адам соғыс кезіндегі және одан кейінгі қазақтың шаруа қуған елінің шынайы суретін көріп, ой-армандарын зердесіне түйе алады. Ауыл бар болмысымен, шырқыраған шындығымен понорамалы бейнелермен көрініс береді.

Үшінші роман “Даңқ пен дақпырт” деп аталады. Бұл шығарма өнер тақырыбына арналған. Мұнда өнер адамдарының өмірі суреттеледі. Романның бас кейіпкері табиғатынан шынайы талант иесі Идеят консерваторияда оқып жүріп, ән шығаруға талпынған талант.

Оның әуезді әндері ел аузына ілініп, халықтың жанын сусындатады. Атақ-даңқы аңызға айналады. Өмірге жаңа аяқ басқан, өнер жолына енді түсе бастағанда бірден келген даңқтың буы жас жігіттің басын шыр айналдырып, жан-жағына қарауға мұршасын келтірмей, өзінің

# ЖАҢАШЫЛ ТАЛАНТ

қоршаған болмысымыздағы көптеген шынайы фактілермен дәлелдейді. Мұндай дастандарда заман, болмыс, тағдыр бейнелері жасалған. Ақын шалқар шабытқа бөленіп, ой мен сезім ұштасқан көркем де айшықты суреттер мен философиялық толғаныстар арқылы оқушыға эстетикалық нәр береді, болашаққа жігерлендіреді, жүректерге үміт отын жағады.

Жүмекен дастандары төмендегіше топтастырылады: әр тақырыптағы алғашқы дастандар – “Кішкентай”, “Ән бұлағы”, “Менің әкем”, “Бұл жолы ол шынын айтты”; Отан соғысына, сол сұрапыл жылдардағы тағдыр-тіршілікке арналған драмалық дастандар – “Қанды сүт”, “Келін”, “Көзсіз батыр”, “Соңғы махаббат”, публицистикалық пафосқа толы, философиялық толғаныстарға құрылған жаңа типті дастандар – “Қыран қия”, “Ақ қайраң”, “Жаңғырық”, “Тамыр мен жапырақ”, “Ақ көгершін”, “Алдар көсе”. Ж.Нәжімеденов барлығы он төрт дастан жазған. Оның бұл жанрдағы туындыларында алуан түрлі өмір, шындық қамтылған. Қаламгер шығармашылық сапарының алғашқы адымынан бастап өнер тақырыбын қозғаған. Оның “Кішкентай” атты тұңғыш толғау поэмасы ақындық өнер туралы жазылған.

Бүкіл адамзатқа апат әкелген 1941-45 жылғы соғыс ақынның бала кезінде сбилік жүрегіне дақ салған, санасына өшпес із қалдырған оқиға еді. Талант қиялында тамыр жайған осы тақырып Жүмекеннің ақындық үні анық естіле бастаған шағында

қия”, “Тамыр мен жапырақ”. Ақын өлеңдерінде мол дарыған сыр мен сипат, юмор, ирония, сатира сымбаты “Алдар көсе” атты пародиялық ірі туындысында да одан әрі өріс тапқан.

Ж.Нәжімеденов шығармашылығында эпикалық жанр көрнекті орын алады. Ақын дастандарындағы шеберлік лирикадағы шеберлігімен егіз. Оның қысқа өлеңдеріндегі ойлары ірі шығармаларында өрбіп, толысып, жалғасына тауып отырады. Өлең шумақтарына сыйғыза алмаған пікірлерін ақын дастандарының желілі тарауларында жеріне жеткізе дамытады.

Ақын қазақ эпосын мазмұн жағынан да, пішін жағынан да байытты. Махаббат мәңгілік тақырып ретінде шынайы жырланса, тарихи тақырып та терең қозғалды, философиялық толғанысты да тың өріске шығарды. Қазақ поэма-сына фантазия мен сатира элементтерін әкеліп, шуақты юмор дарытты.

Ақын эпикасы сюжетті, сюжетсіз лирикалық дастандардан тұрады. Ол қазақ поэмасының сюжетін шебер, фабуласын қызықты құрудың әралуан үлгісін көрсетті. Болмысы бөлек, бірегей лирикалық дастандармен де оқырман қауымды қызықтырды, поэзиядағы публицистикалық жанрды дамытуға қомақты үлес қосты.

Ж.Нәжімеденовтің поэмалары – қазақ әдебиетіндегі дастаншылық дәстүрді ілгері дамытқан, жаңалығы мол, мазмұны терең, пішіні сұлу сырлы мұра – қымбат қазына.

аламыз. Алғаш журналда жарық көрген шығармалар кейіннен бірінен-соң бірі кітап боп жарияланып, оқырмандар қолына тиіп жатты.

Қаламгер үш романды бірінен-соң бірін баспада жариялады. “Ақ шағыл” (1973), “Кішкентай” (1975), “Даңқ пен дақпырт” (1977). Сонымен бірге “Бетпестік”, “Домбыра мен көсеу” атты хикаялары жазылып жарық көрді. Жүмекен романдары бірінің бірі жалғасы сияқты, бірақ олардың әрқайсысының өз алдына сюжет желілері, автордың өз айтпағына, концепциясына негізделген тартысқақтығыстары бар. Романдардағы кейіпкерлердің көпшілігі өмірде болған және бар адамдар. Мәселен, Әжімгерейдің прототипі Жүмекеннің өз атасы Нәжімеден, Әжімгерейдің кемпірі – өз әжесі, Сейсімет – Хисмет есімді ауылдастарының бірі, Сақал Сатым, Темірәлі, Талжібек тағы басқа кейіпкерлер елде шын болған адамдар екендігін қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданының тұрғындары жақсы біледі. Осы үш романда басты кейіпкер боп есептеліп, барлық оқиғаларға араласып жүретін кейіпкер – Идеят. Бұл – кейіпкердің прототипі – Жүмекеннің өзі.

“Ақ шағыл” атты романда оқыған Отан соғысы кезіндегі ауыл өмірінің тіршілігін айна-қатесіз бейнелеген. Соғыстың зардабының елге әсері, елдегі қарттардың, бала-шаға, әйелдердің тұрмысы, қам-қарекеттері арқылы өте сенімді суреттеледі. Жетпестік жайлаған

теріс тұңғығына тарта жөнеледі. Жас композитор табиғатынан таза қарапайым жан болғанмен, әркімнің қоғамдағы орны, жауапкершілігі деген мәселеге мән бермейді. Жұртқа өнерімен қымбат жан көпке азаматтық пайым-парасатымен үлгі-өнеге болу керектігіне ой жүгіртпейді. Жастай келген атаққа мақтанып асақтап кетеді. Автор өнердің үлкен төріне мансап, қолпаш, қошемет емес, біліктілік, маңдай термен төгілген еңбек керек екенін айтады.

Жүмекен Нәжімеденов прозасы қазақ әдебиетінің прозасының галереясында өз орнын дөп басып, көрнекті орын алғандығы сөзсіз. Бұл жанр тарихы аталған үш романдық қоңылтақсып, кемшін тартары сөзсіз. Жүмекен прозасы өзіндік өрнегі бар, айтары мол, көрнекті проза.

Сонымен, Жүмекен Нәжімеденов – қазақ әдебиетінде поэзиясымен де, прозасымен де қомақты орынға ие болды. Ол қазақ әдебиетіне ұшан-теңіз жаңалығымен келіп, оны шалқар байлыққа кенелткен ойшыл суреткер, қазақ әдебиетінің алтын тінді сөзінің зергері, ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі, шығармалары ХХІ ғасыр оқырмандарының санасын әспеттейтін туындыларының өшпес өміршеңдігімен көрінетін ойшыл-философ.

Қадыр ЖҮСП, Жүмекентанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Жүмекен 85 жасы Нәжімеденов**

2020 жылдың 27 қарашасында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында көрнекті ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Әнұран авторларының бірі – Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 85 жыл толуына орай «Ж.Нәжімеденов және қазақ поэзиясының көркемдік даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтеді.

**АТЫРАУ UNIVERSITY**

# МЕН БІЛЕТІН ЖҰМЕКЕН

**Қазақтың көрнекті ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Мемлекеттік әнұраны авторларының бірі, даңқты жерлесіміз Жүмекен Нәжімеденовтың туғанына 85 жыл толды.**

## ОҚУШЫ ЖҰМЕКЕН

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген мектептер материалдық жағдайларының әлсіздігіне байланысты жабылып қалуға мәжбүр болды. Соңдықтан да оқушылар бастауыш сыныпты бір мектепте, орталау білімді басқа мектепте, ал орта мектепті тіпті басқа жерден бітіретін. Дәл осындай жағдайды Жүмекен де бастан кешірді. Ол өзі туып-өскен Қошалақта бастауыш мектептің екінші сыныбын бітіріп, “Жасқайрат” жеті жылдық мектебінен орталау білім алса, кәмелеттік аттестатты Нұржау селосындағы В.И. Ленин атындағы орта мектептен алды.

Мен Жүмекеннің Дыңғызыл ауылдық кеңесіне қарасты “Жасқайрат” орталау мектебінде оқыған кезі туралы айтқым келеді. Мектеп Дыңғызыл ауылдық кеңесіне қарасты Ворошилов атындағы колхоздың Нарын құмындағы мал жайылым орталығында орналасқан болатын. Мен сол кезде мектептің бастауыш сыныбында оқитынмын. 1940-1950 жылдары мектепті Қ.Нұрмұханбетов, А.Әбішев, Ғ.Әпенев сияқты алдыңғы қатарлы мұғалімдер басқарды. Мектепте С.Қайырмеденова, М.Исмағұлова, апалы-сіңілі Р. және Ж.Насеновалар, сол сияқты З.Махмудов, Ә.Өтебаев, З.Бекжанова, Ө.Сидеғалиев, С.Жәкіева және басқа да білімді мұғалімдер оқушыларға сапалы біліммен бірге саналы тәрбие де берді.

Жүмекеннің сол ауылға келгені әлі күнге дейін көз алдымда. Ол кезде бұл ауылға келушілер негізінен кіреге ілесіп келетін. Кіре деген - қырдағы малшыларға және басқа да еңбеккерлерге арналған азық-түлік, өнеркәсіп және тұрмыстық тауарлар артылған түйе керуені.

Қыр халқы айына бір-екі рет аудан орталығы Ганюшкиннен келетін түйе керуенін тағатсыздана күтетін. Сол жылы құрқырек айының бас кезі әдеттегі жылдардан ыстықтау болды. Бір күні тұс ауа он шақты түйеге артылған жүгі бар, ауылда ұста Құмар, шатақ Құмар деген атпен белгілі Құмар ақсақал бастаған кіре ауылға келіп жетті. Жүмекен де осы кіремен оқуға келді. Ол әуелі Хален Бимұхамбетов деген жездесінің, кейін мектептегі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Жүмекеннің немере ағасы Қайырмеденов Төлегеннің үйінде жатып оқыды. Ол аласа бойлы толықша келген өте сабырлы бала еді. Көп кешікпей Жүмекеннің атағы мектептен асып, бүкіл ауылға белгілі болды. Оған себеп болған нәрсе - Жүмекеннің домбырашылығы еді. Біз бұған дейін осы мектепте Әзидолла Есқалиев деген оқушы оқып кетіпті дегенді естігенбіз. Бірақ оны көрген жоқ едік. Сол мезгілде Көшербай Әубекеров деген оқушы домбыраны жақсы тартатын. Дегенмен мына Жүмекеннің домбыра тартысы бізге ерекше болып көрінді. Ол домбыраны солақай тартатын. Әуелі асықпай домбыраның құлақтарын бұрап, оны күйге келтіретін. Ол алдымен Құрманғазының “Қызыл қайың” күйін тартатын. Жүмекен бұл күйді ерекше шабытпен беріліп орындайтын. Жүмекен бұл күйді орындамағанын өзінде жиылған жұрт одан “Қызыл қайыңды” тартуды сұрайтын. Жүмекен орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыға келіп Құрманғазы атындағы консерваторияға түсуіне мектеп қабырғасында қалыптасқан орындаушылық шеберлігінің әсері болуы әбден мүмкін.

Мектепте Жүмекеннің беделі уақыт өткен сайын өсе берді. Оған себеп, біріншіден, оның домбырашылығы

болса, екіншіден, оның оқуға алғырлығы еді. Мұғалімдер енді оны қоғамдық жұмысқа араластыра бастады. Бір күні мұғалім апайымыз Рапиха Нәсенова біздің сыныпқа Жүмекенді ертіп келіп, оны бізге таныстырды. Апайымыз мектептің пионер ұйымындағы біздің Дружина кеңесінің төрағасы бұдан былай Жүмекен болатындығын, оның мектептегі үздік оқушы екендігін, сондықтан да біздердің одан үлгі алуымыз керек екендігін жақсылап түсіндірді. Сөйтіп біз мектепте Жүмекенмен жақсы араласып кеттік. Үзіліс кезінде мектептің сыртындағы дене шынықтыру алаңына барып, турникке тартылып ойнайтынымыз әлі есімде. Турниктің биіктігі екі метрге жуық болса, менің бойым бір метрдей ғана болатын. Осындай жағдайда маған Жүмекен жиі-жиі көмекке келетін. Турникке қолым жету үшін ол менің ту сыртымнан құшақтап көтеретін. Ол бұл қамқорлығын басқа оқушыларға да көрсетті. “Жасқайрат” орталау мектебінің оқушысы Жүмекен Нәжімеденов осылайша менің есімде қалды. 1990 жылы “Жасқайрат” орталау мектебіне бір кезде осы мектепте үздік шәкірт болған, кейін ақыры ақын Қазақстан Комсомолы сыйлығының лауреаты Ж.Нәжімеденовтің есімі берілді. Бұл сөз жоқ, сол мектептің түлегі ретінде біз үшін де, қазіргі шәкірттер үшін де зор мақтанш.

## “МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ” ӘНІНІҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ

Бірде Жүмекенмен “Менің Қазақстаным” әнінің қалай жазылғаны туралы әңгімелестік. Мен Жүмекенге: ««Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланған әннің мәтінінде “7 жыл жоспары, 7 қыр асқаны, Дуаманды бастады, Қазақтың жастары” деген шумақ бар ғой, бірақ, бұл шумақты Ж.Омарова радиода өнге кірістірмейді ғой», - дедім. Бірақ Жүмекен бұл жерде ештеме айтпады. Тек біраздан кейін ғана “бұл жерде саясат бар”, - деді. Ол қандай саясат екенін ол кезде мен біле алмадым. Бұл жөнінде композитор Ш.Қалдаяқов республикалық теледидардан берген интервьюлерінің бірінде былай деген: «Қазақстанның солтүстік аймағындағы 5 облыс Ресейге берілуі мүмкін» деген сөз менің жанымға қатты батты. Бабаларымыздың ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ғасырлар бойы шетелдік басқыншылардан қорғап қалған жерімізден айдың күннің аманында айырылып қаламыз ба? - деген ой басымнан шықпай қойды. Сол кездерде менің басымға 1 әуен келді. Кейін сол әуеннен марш екпінінде ән шықты. Мен бұл әннің мәтінін кім жазар екен деген оймен біраз жүрдім. Ақыр соңында жақында Гурьевтен келген жалынпап тұрған жас ақын Жүмекен Нәжімеденовке менің әніме сөз жазу туралы қолқа салдым. Менің ұсынысымды Жүмекен бірден қабыл алды”. Осылайша, композитор Ш.Қалдаяқов пен ақын Ж.Нәжімеденов өздерінің Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін білдіретін “Менің Қазақстаным” деген әнді дүниеге әкелді.

Алайда, бұл әннің баспасөз бетіне жариялануында үлкен қиыншылық болған. Авторлар әнді жариялау үшін оны “Мәдениет және тұрмыс” журналына апарды. Ондағылар әннің мәтінінде коммунистік партия және оның басшылығымен қабылданған 7 жылдық жоспар туралы ешнәрсе айтылмаған, сондықтан ән журнальға жарияланбайды, - деп кейін қайтарады. Жүмекен амалсыз “7 жыл жоспары...” деп басталатын шумақты қосуға мәжбүр болады. Осыдан кейін ғана ән мәтіні журнальға жарияланады.

Әнді қалың жұртшылық өте жылы қабылдады. Тіпті балалар бақшасындағы бүлдіршіндерден бастап, ақсақал қарияларға дейін “Менің Қазақстаным” әнін айтады болды. Менің пікірімше, мұнығы бірнеше себептері болды. Біріншіден, сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайға орай әннің сөзі патриоттық рухта жазылған. Екіншіден, ән

әуенінің марш екпінінде жазылуы, әннің айтылуы барысында адам бойында ерекше сезім туғызатын. Үшіншіден, Жамал Омарова, Сара Тыныштықұлова және басқа да әншілер әнді нақышына келтіріп, тыңдаушылардың құлақ құрышын қандыра орындайтын. Осылайша, ән елге тез тарап кетті.

1986 жылғы желтоқсан айындағы Алматы қаласындағы көтеріліс бұл әннің тарихын жаңа деңгейге көтерді. 16-18 желтоқсан күндері Республика алаңына жиналған жастар “Менің Қазақстаным” әнін қайта-қайта шырқап Қазақ елінің рухын асқақтатты. Алаңда осы әнді шырқаған біраз жастардың қаны төгілді, өмірлері құрбан болды.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда “Менің Қазақстаным” әні мемлекетіміздің ресми емес әнұраны ретінде көптеген жерлерде, әсіресе үлкен концерттердің соңында орындалып жүрді. Еліміздің Қарулы күштерінің сарбаздары осы әнмен шеру жасаса, Қазақстанның кейбір демократиялық партиялары бұл әнді өз партияларының әнұраны етіп қабылдады. Осылайша, “Менің Қазақстаным” мәңгі жасайтын халық әніне айналды.

Қазіргі салтанатты жиындарда, мемлекеттік мереке-лер мен ресми қабылдауларда рухты көтеріп, кеуденді мақтаныш пен жігерге толықтыратын мемлекеттік әнұран орындалғанда, әсіресе, мектеп оқушылары мен балабақша бүлдіршіндері қолдарын жүрек тұсына қойып, қосыла әндеткенде, әрбір қазақ елінің азаматы ерекше сезімге бөленеді. Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде елімізде болған әр түрлі оқиғалар, қуаныштар мен қиындықтар көз алдына келеді. Әнді дүниеге келтірген авторларды қимастықпен еске аласың. Олардың төл дүниелерінің Тәуелсіз қазақ елінің әнұранына айналғаны көңілді шексіз мақтанышқа бөлейді.

Өкінішке орай, өз өлеңінің Республикамыздың Әнұраны болғанын ести алмай Жүмекен Нәжімеденов өмірден ерте кетті. Алайда, оның есімі тәуелсіз қазақ елінің ұмытылмайтын ұлы тұлға болып қала береді.

Сөз соңында. Ақын Ж.Нәжімеденовтың 85 жылдығы республика көлемінде кеңінен аталып өтуде. Осы жерде биылғы жылғы Ж.Нәжімеденовты еске алудың өзіндік ерекшеліктерін атап өткеніміз жөн болады. Біріншіден, жыл басында Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың өзі биыл ақын Ж.Нәжімеденовтың туғанына 85 жыл толатындығын атап өтті. Екіншіден, биылғы жыл Жүмекен поэзиясын республикамызда кеңінен насихаттау жылы болып отыр. Оған дәлел-бүкіл республиканың мектеп оқушылары, интеллигенция өкілдері, Парламент депутаттары және жалпы қалың жұртшылық Жүмекеннің өлеңдерін теледидар арқылы оқып, көрермендерді үлкен қуанышқа бөлеуде. Соңдықтан да осындай ауқымды жыр эстафетасын ұйымдастыруда идея авторлары Атырау облыстық телехабарлар тарату редакциясы басшылығының атқарып жатқан жұмысына шексіз ризашылығымызды білдіруді мен өзімнің борышым деп санаймын. Шындығында, бұрын Жүмекен өлеңдерін осындай дәрежеде, кең көлемде насихаттау болған емес. Бұл шараның Атырау облыстық телеарнасы тарихында ұзақ сақталатындығында еш күмән жоқ. Үшіншіден, Ж.Нәжімеденов поэзиясын терең және жан-жақты зерттеуші, республикамыздағы бірден-бір Жүмекентанушы ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор Қадір Жүсіп ағамыздың өз ортамызда Жүмекеннің ақындығын өлең сүйер қауымға кең түрде насихаттап жүргенін де үлкен қанағаттанарлық сезіммен атап өткеніміз де жөн болады. Біз ақын Жүмекен Нәжімеденовтың 85 жылдығының жоғары дәрежеде аталып өтетіндігіне кәміл сенімдіміз.

**Аманкелді ШАМҒОНОВ,**  
профессор, ҚР Үздік өлкетанушысы



КҮЗ КЕЛДІ

Қалаға Күз де келді. Жаз да оны бөгемеді, Мен сені іздемедім, жазғанды көрем енді.. Әр адам өмірі үшін, бақытты болса керек, Ал саған не кедергі ?!

Сырымды айтам күзге, көңілім ала бөтен. Жүректі тілгілейді бұрынғы жара бетер... Көрмедім көл бетінде аққуды жалғыз жүзген Неге адам ең соңында сор қуып қалады екен?

Жаурады жаным ылғи, сағыныш шаршатқасын, Жылай түс, жыла жаным. Мөлдір шық моншақталсын. Көктегі - күнім таяу, аспандағы - айым жақын, Жүрсек те бір қалада сен неге алшақтасың?!

Басыңнан көшсе дәурен, тұрмайды бақ кемімей, Қолыңмен асатқан - у, балдан да тәтті еді ғой.

Қоштасқан шақта кеше жазықсыз жылады аспан Қауышқан сәттегідей...

Сағыныш меңзегенде таңды ояу атырамын, Сен үшін кешіп өлем тәтті мұң атырабын . Бұла түн батқанда сен, жанымды жылатып ап, Жұлатын жапырағын...

Жауатын бұлттай несін түнімен түнеремін, Қатем бе Тәңірімнен бағынды тілегенім?! Жанарда жасым болсаң жоғалтпау үшін сені, Жыламай жүрер едім...

**Баймұрат КЕҢЕС,**  
«Журналистика» мамандығының 3 курс студенті

## ҚҰРМАНҒАЗЫМ - ҚҰТ МЕКЕНІМ

Алтын бесік, қайнар көзім, бұлағым, Топырағың мойнымдағы тұмарым. Судың сыңғыр күлкісін естігенде Құрышын бір қандырады құлағым. Көгілдірі бұлаңдап судың бетін, Шолпысы боп нұрға бөлейді төркінін. Күн астында Күнекейдей құлпырып, Шағаласы шарқ ұрады көк төрін. Жүмекендей алып туған бұл маңда, «Қоңыр әулие» күйі тербеткен жасында. 85-ті тойлар едік құшаққа ап, Әттең, гүлді қоямыз-ау басына. Дарабозын жырға қосып күн-түні, Туған жері, құм-шағылы, әр гүлі. Қыр баласын ұмытып ел, жаңылса, Жүрек ұстап тебіренгенмен не үлгі? Асау толқын тұлаған Теңіз ұлы, Тебіреніп шабысынан жер кіндігі. Рахымжаным, арғымағым, сұңқарым, Ақ боз үйдің кебенек хәм түндігі...



Жырдан асыл алқа төккін көмейім, Мөлдір тұнық, інжу-маржан, гүл дейін. Ұлылығын ұлықтасам ұлықтың Хиуаз апам жаудың алып үрейін. Көк аспанын темір құспен қалықтап, Он сегіз мың ғаламында шарықтап. 300 ұшып, 14 құлап жатса да, Қанатты қыз иеленді ұлы атақ. Кең сарайым, кіндік қаным тамған жер, Торқадай боп денемді үбіп самал жел. Дәру сыйлап шұғылалы таң жүзі, Таудан биік басып жүрген асу-бел. Құрманғазым ашылмаған алтын кен, Жаным сенде аяқ түзді басқанмен. Қаланың түнін жамылып ұйқтасам да, Оянамын Құрманғазы таңымен.

**Ерқанат ЖҰМАБАЕВ,**  
«Информатика» мамандығының 2 курс студенті

## ҚАНДАЙ ҒАЖАП СТУДЕНТТІК ШАҚТАРЫМ!

Университет – өмір мектебі. Студенттік шақ - сол өмірге бастайтын жол. Біреулер отбасын құрып, шаңырақ көтерсе, ал біреулер ғылым қуса, енді біреулер қызық пен думан қуып жүреді. Барлық студенттерді байланыстыратын бір нәрсе – қызыққа толы қайта оралмас жастық шақ.



Доссор поселкесіндегі В.Г.Белинский атындағы орта мектепті 1993 жылы бітіре салысымен Атырау педагогикалық институтының (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) ағылшын тілі мамандығына тапсырдым, сол жылы бағым жанып осы университетке оқуға түстім, себебі ол кезде мектеп бітіргендердің барлығы бірдей жоғары оқуға түсе алмайды, сабақты үздік бітірген, яғни тек «сүттің қаймақтары» ғана оқитын.

Оқуға түсті дегеннен кейін екі айға Астраханға селхозқаға (ауылшаруашылық жұмыстар) алып кетті, тобымдағы группаластарыммен жолда таныстық, сөйтіп бізді Красный Яр деген жердің барактарына әкеліп орналастырды. Сол күннен студенттік қызық мол жылдар бастады.

Ол кезде Ағылшын тілі мамандығын ашуға себепкер, әрі кафедра меңгерушісі қызметін атқарып жүрген Алтын Жұмағазиевна Капакова апайымыз болды. Біздің тобымызды екіге бөлген болатын, және сол жылы Алматы қаласынан Шетел тілдер педагогикалық институтының түлектері Айнагүл Сағындықова және Айгүл Насимулина келіп дәріс берді. Барлығымыздың да өзге тілді білу, сол тілде сөйлеу және болашақта ағылшын тілінің мұғалімі болу деген өте үлкен арман болды, сондықтан тобымдағы қыздар мен ер балалар оқуға бар құштарлығымызды салдық. Қазіргі таңда группаластарым ірі шетелдік компанияларда, тілдік ұйымдарда, тілге бағытталған мектептерде алдыңғы қатарлы білікті мамандар.

Ешқашан қайта айналып келмейтін керемет кезең – студенттік шақ. Күнде думан, кейде аш, кейде тоқ боласын. Кімді көрсен бәрі дос, бауыр болады. Ал, жатақхана – өзгеше бір әлем. Барды-жоқты көресің, әрі түсінесің. Осының бәрі қызық емес па?

Мені оқытқан ағай және апайларымның сара жолымен осы жерде, яғни киелі шаңырағымыз Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жұмыс жасау – мен үшін үлкен бақыт. Қазіргі таңда барша білім алып жатқан студенттерді студенттік кездерін мәнді, мағыналы, өз салаларыңыздың білімді де білгірі болуға шақырамын. Барлық университетіміздің студенттерін төл мерекелерімен құттықтаймын.

Айгүл СУЛТАНГУБИЕВА,  
Көптілді білім беру факультетінің деканы,  
филология ғылымдарының кандидаты

## БАРЛЫҒЫ СЕҢІҢ ҚОЛЫҢДА!



Аты-жөнім Алдияр Айхатұлы, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің студентімін. Студенттік кезімнің алғашқы жылдарын тек сабақ оқимын деген бағытпен өткіземін деп ойладым. Бірақ студенттік қоғамдық өмір бұл ойымды түбегейлі өзгертті. Белсенді жастардың ортасында жүріп, әр түрлі ұйымдар жайлы жиі ести бастадым. Сол ұйымдардың ішінде «Senator» пікірсайыс клубы ерекше көзге түсті. Осы ортаға ену арқылы менің алған пайдалы тұстарым: сөйлеу

мәнерімді дамыттым, көпшіліктің алдында өзімді еркін ұстауды үйрендім, сабақты тез қамтып, тез қабылдауды меңгердім. Одан бөлек, «AsuLife» медиа клубының белсенді мүшесі атандым. Ол бағытта видео-фото монтаж, пост жазу, камераны қалай пайдалану керектігін үйрендім. Сөйтіп, келесі семестрде (1 курстың) «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымы ұйымдастырған әр түрлі іс-шараларға қатыстым. Бұл жерде студенттермен қалай жұмыс жасау керектігін, қоғамдық ортада білдім. Жалпы өз басым университетіміздің келесі жылғы «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымының президенттік сайлауына дайындықта болдым. Көптен күткен қараша айында сайлау болу керек еді, бірақ өкінішке орай, қазіргі еліміздегі пандемияға байланысты сайлау кейінге шегерілді. Алайда, еш мойымадым. Қазіргі таңда «Senator» пікірсайыс клубының Вице президентімін. Осы ұйыммен жақында өткен Батыс аймақтық «Senator cup III» пікірсайыс турнирін ұйымдастырдық, бас ұйымдастырушы міндетін өзім атқардым. Біраз қиындықтар туғызғанымен, турнир ойдағыдай өтті. Болашақта көптеген іс-шараларды ұйымдастырамыз деген ойдамын. Менің 1 курс студентіне айтарым – өзіңнің студенттік кезіңді қызық, пайдалы, мағыналы етіп өткізу, оқып жатқан білім ордаңның дәрежесін көтеру – өз қолыңда, тек бастысы, қандай жағдай болмасын, СЫНБА тек алға ұмтыл, барлығы сенің қолыңда!

## ТАРИХИ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ СТУДЕНТТІК ШАҚТАРЫМ

Менің альма-матерім – Беларусь мемлекеттік университетінің «Философия» бөліміндегі студенттік кезім бұрынғы кеңес еліндегі дүбірлі кезең-саяси жаңғырулар, қайта құру реформасына тап келді. Кеңес кезінде оқуға түсіп, Кеңес Одағы ыдырап жатқанда оқу бітірдік. Сондықтан оқу процесімен қоса сол кездегі саяси оқиғалар өмірімізде үлкен орын алды.

Соған байланысты студенттер арасында әр түрлі тақырыптағы пікірталастар өте көп болатын. Оқу кезіндегі ең жиі баратын сакральды орын – Беларусь ұлттық кітапханасы еді. Ол кезде концепт жазу деген көп уақытты алатын және оқу материалдарын игеру, есте сақтау үшін пайдасы көп болды деп ойлаймын. Сол үшін жай күндермен қоса сенбі, жексенбі күндері кітапханаға ерте барып қажет кітабыңды алып қалу керек болатын. Оның үстіне сол кезде жариялылық арқасында бұрын тыйым салынған әдебиеттер жарық көре бастады. Әсіресе «Новый мир», «Дружба народов», «Знамя», «Огонек» т.б. журналдарды кезекке тұрып оқитынбыз. Оларда көркем әдеби шығармалар және бұрын құпия болған материалдар шыға бастады, арнайы барып соларды оқимыз. Самиздат шығарған бұрын тыйым салынған әдебиеттер қол жетімді бола бастады. Ондай философиялық, саяси, тарихи қолжазбалар жатақханада қолдан-қолға көшетін. «Покояние», «Иди и смотри» сияқты фильмдер де студенттер арасында талай пікірталас туғызғаны есімде. 80-жылдардың аяғында Минскіде күнде митинг болатын. Әсіресе, БНФ (Беларуский народный фронт) жиі митинг жасайды. Сол жерде студенттерді бағып деканат адамдары жүретін еді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысты әртүрлі көзқарас болды. Балтика бойының, Чехия, Украина, Польша елдерінен келген студенттер қатты қолдау көрсетті. Ал үлкен адамдар, соның ішінде кейбір оқытушылар, әлдебір вахтер сияқты қарапайым адамдар қайдан келгенінді білсе сөге жөнелетін жағдайлар да кездесті. «Клуб бардовских песен» ұйымдастыратын кешке жиі баратынбыз. Ол жерде де жаңа тақырыптағы авторлық әндер айтылатын. Сол жерден көптеген



атақты бардтарды көріп, тыңдадым. Чернобыль оқиғасы қалада дүрбелең, үрей туғызғаны есте қалыпты. Главпочтамтқа барып, жаздырып алатын «Қазақ әдебиеті» газетінің кезекті санын алып оқу ерекше әсер қалдыратын еді. Әрине, студенттік кездерде әр түрлі кештер, шетелдік студенттер ұйымдастыратын олардың елдерімен таныстыру кештері жиі өтетін. Колхоздарға барып картоп, лен жинау («сельхозка») өзінше қызық кез болды, ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігімен танысуға мүмкіндік алдық. Сол кездерде студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары құрылып, алғашқы таңдау пәндері енгізіле бастады. Алғаш рет Наурыз мерекесі ұйымдастырылды. Студенттік социологиялық зерттеу тобында болып, талдау жасауды үйрендік. Жалпы студенттік кезде көп оқып, болашақ кәсіби мамандығыңның іргетасын жақсы етіп қалап алу керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, қосымша материалдарды, арнайы және көркем әдебиетті өз бетімен көбірек оқыған жөн деген тілек айтқым келеді. Студенттер күні құтты болсын!

Өмірбек БЕКЕЖАН,  
Философия ғылымдарының докторы,  
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер  
кафедрасының меңгерушісі

## ӨМІРІМНІҢ ЕҢ ӘДЕМІ СӘТТЕРІ

Мен, Ақниет Жарқынбек, Түркістан облысының тумасымын. 2017 жылы мектепті үздік аяқтап, өзім армандаған оқу орнына, яғни Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне «Шет тілі: екі шетел тілі» мамандығына оқуға түстім. Менің өмірім басқаша бір керемет кезеңдермен толыға бастады.



Өмірдегі ең қызық кезең меніңше «Студенттік өмір»!

... бірінші курс «балмұздақ» атанып, үлкен оқу орнын қызықтап, мұғалімді көріп арыстанды көрген қояндай қорқып, жан-жаққа жалтақтап жүретін, екінші курс, университет қабырғасында бой үйреніп, сынақ кітапшасын тоқсанға толты-

рып, мәз болып жүретін, үшінші курс, білім алу-дан ұйқыны артық көретін, мұғаліммен құрбы-құрдасша сөйлесіп жақсы балды қоржынға салып жүретін, төртінші курс, практика, диплом деген екі сөзді көп қайталай беретін, төрт жыл төрт секундтай өткенін еске түсіріп, сағынышпен, үлкен өмірге аяқ басатын кезең...

Қызығы мен қоса шығығы да қатар жүретін бұл кезеңде талай жастар болашақ өмірін айқындады, өмірлік жарын және достарын тапты. Біреулер үшін бұл кезең түк те қызық емес, сабаққа қатыспай, асханаға келіп кетуді қанағат тұтатын уақыт өткізу кезеңі болса, біреулері үшін бұл уақыт алтыннан қымбат, күні-түні кітаптан көз алмай, білім алу, оқу, болашағымды жасайтын өзім деп бір минутын құр жібермейтін жастар да бар (бұндайларды «оқымысты» деп шеттетуді мүмкін)... Біреулер үшін бұл уақыт бойда бар таланттың ашуға көмек береді... Біреулері студенттік қоғамдық өмірге белсене араласу арқылы өзіне тәжірибе жинайды... бір студент сөйлеуді үйренеді... біреулерін мүлдем түсіну қиын, сабақтан қалмайды, сабақ айтпайды не тобымен араласпайды...

Студенттік өмір туралы айта берсе том-том кітап шығады. Сол кітапты оқыған кезде қызықты, мазмұнды ету ол әрбір жазушының (СТУДЕНТТІҢ) қолында!

## СТУДЕНТТІК КЕЗДЕРІМ ҰМЫТЫЛМАС

Мен Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Күйкен орта мектебінің 2017 жылғы түлегімін. ҰБТ қорытындысы бойынша, өкінішке орай, аз ұпай жинадым. Мен үшін күтпеген жағдай болды. Өзім қалаған университет пен әскери кафедраға түсем деген армандарым орындалмай-тындай болып көрінді. Тез арада шешім қабылдап, әскерге кетемін деп ойладым, бірақ, ата-анамның қалауымен Ақтөбеге барып, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне түстім. Бірақ, ақылы негізде оқып үйге салмақ салғым келмеді. Сонда оқып жүріп КТА тапсырамын, грантқа түсемін деп шештім. 1 жыл сонда оқып жүріп дайындалып, қайта тапсырып жоғарғы ұпай жинап, өзім қалаған мамандыққа грантқа түстім. Университет табалдырығында жүріп «Студенттік өзін-өзі басқару» құрылымына президенттікке кандидат, «Күзгі балл», «Жігіт сұлтаны» сияқты т.б үлкен сайыстарға қатыстым. Қазіргі таңда өзім оқып жатқан факультетімде «Студенттік декан» қызметін атқарамын, сонымен қоса Атырау университетінің әскери кафедрасының 2 курс курстантымын. Қасым Аманжолов атамыз айтқандай «мектеп-кеме, білім-теңіз», білім теңізінде «Атырау университеті» кемесімен бірге жүзіп келе жатқан барлық студенттерді келіп жеткен мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын.

Байтілеу ЖАЙЛЫБАЕВ,  
Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының 3 курс студенті

## САҒЫНЫШҚА ТОЛЫ КЕЗДЕРІМ...

Алдымда толған мақсат, толған таңдау,  
Таңдайын анасын ба, мынасын ба?

- деп ғазиз ақын жырлағандай, менің де алтын ұя мектебіммен қош айтысып, өмірдің келесі баспалдағын аттаған сәтте, алдымда бұралаң болып сан тарау жол, сан түрлі мамандық тұрды.



Орта білім куәлігін қолыма алған күні мен өзімді туған өлкем – Қазақстанның толыққанды азаматы болғанымды, елім мен жеріме өмір бойы борыштар екенімді сезіндім. Ендігі мақсат туған еліме деген азаматтық борышымды, ата-ана алдындағы перзенттік парызымды қалай ақтаймын? Отаным, өлкеме қандай пайдам тиеді? Ең тиімді таңдау ретінде жоғары білікті мамандық алып, Отанымға шын берілген белсенді азамат болуды таңдадым.

Мен Атырау облысының Махамбет ауданында туып өстім. Болашақтағы басты арманым туған қалам Атырауды Қазақстанның әсем қалалар санатынан көру болды. Қазақстанның экономикасы, оның әлеуметтік салалары қатты алаңдататын. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университетінің Бухгалтерлік есеп және аудит факультетін қалаған себебім де сондықтан еді.

Таудай талап, күш-жігер мен сенімді, Болып шығу басты арманым білімді. Мамандықтың бәрі жақсы болғанмен, Қаладым мен бухгалтерлік ілімді. Үміт артты ата-анам мен ұстазым, Талап болмақ басты менің жолдасым. Көркейтсем деп туған өлкем, жерімді. Кішкентайдан осы оқуды қаладым! – деп, алғашқы өлең жолдарын да арнаған болатыным.

Айтулы жоғары оқу орны Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында орналасқан. Университет негізінен ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауға арналған.

Университет табалдырығын атап, студент болу, білікті маман иесі болып шығу кез-келген адамға оңай соқпайды. Менің осындай үлкен білім ошағындағы алғашқы күндерім, алғашқы сабақтар, дәріскер-ұстаздар есімнен кетпейді. Мен бізді алғашқы күннен-ақ мазмұнды сабақтарымен баурап ала білген Гүлсім Садықова, Светлана Жақсығалиева, Елена Мустафина сияқты ұстаздарға ризамын, бүгінде зейнетке шыққан профессор-оқытушыларға тек денсаулық тілеймін.

1996–2000 жылдары университеттің Бухгалтерлік есеп және аудит факультетінің деканы болған ғалым-оқытушы Шамғоносов Әскерғали Шамғоноұлының «Бухгалтерлік есеп негіздері» деп аталатын мамандықтың әліппе-пәнін жалықпай түсіндіріп, ұғынып алуымыз үшін тер төккенін ешкім де ұмытпайды, қимастықпен еске аламыз.

2000 жылдары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университеті Батыс Қазақстандағы есепші-қаржыгер мамандарын дайындайтын бірден-бір жоғары оқу орны болғандықтан, топ студенттері Қазақстанның түкпір түкпірінен Батыс Қазақстанның Ақтөбе, Атырау қалаларынан, Қызылорда қаласынан жиналған болатын.

Студенттік қызықты да қимас жылдарымның куәсі ретінде айнымас достар, құрбыларым болған Сырым ауданының қызы Шөкеева Мейрамгүлді, Қаратөбе ауданының қызы Шайхымұратова Ботакөзді айтпай кетуге болмайды. Бүгінде беделді мамандықта еңбек ететін аяулы группаластарыммен әлі де хабарласып, кездесіп тұрамын.

Ұлы Абай атамыз өсиет етіп қалдырған «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген зор көлемді, ұлағатты сөзін әркез жадымда сақтап, тәуелсіз Қазақстанның болашақта алып адыммен дамитын зор көлемді, сан-салалы экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріне болаттай берік кірпіш болып қаланып, өзімнің із таңбамды қалдыру үшін еңбек етіп келемін. Университеттен алған білімімді, бар тәрбиемді Қаржы және есеп кафедрасында аға оқытушы ретінде еңбек ете отырып, болашақ есепші, қаржыгер мамандарын даярлауда қолданудамын.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Экономика және құқық факультетінің экономика мамандықтарын таңдап, бүгінде университет қабырғасында дәріс алып жатырған студенттерді, топ басшысы Убенова Ару бастаған «Бизнес-процестерінің есебі, аудиті және талдау» мамандығының 218 кураторлық жетекшілік ететін топ студенттерін, университетіміздің барлық студенттерін жыл сайын 17-қараша атап өтілетін Студенттер күнімен шын жүректен құттықтай отырып, денсаулық, таудай талап, табандылық, сенімді қадам тілеймін.

Самал АЛЬДЕШОВА  
Экономика және құқық факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, магистр

## СТУДЕНТТІК КЕЗДЕРГЕ САЯХАТ



Мен 1988 жылы Атырау педагогикалық университетіндегі физика-математика факультетінің «Математика және информатика» мамандығына оқуға қабылдандым. Оқуға түскеннен кейін, бір ай Алмалы ауылына «селхозқаға» жіберді. Студенттік кездегі «первостардың» таныстығы сол селхозқада басталып, институт қабырғасына сабаққа келгенде жалғасын тапты. Кураторымыз «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты Бакиев Мұрат болды. Біздің топта 16 қыз, 4 жігіт білім алдық. Біздерге өте мықты профессор, физика-математика ғылымдарының кандидаты Рахымжан Шәкібаев «Математикалық анализ» пәнінен сабақ берді. Алғашқы сабағынан Р.Шәкібаев қаталдылығымен, талапшылығымен, білімділігімен біздерді баурап алды. Тәжірибелік сабақтан да өзі бергендіктен талап екі еселенді. Мен мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ, Қарағанды мемлекеттік университетінің сырттай математикалық мектебінде оқығандықтан осы пәнге деген қызығушылығым артты. Берманның «Математикалық анализден есептер жинағы» кітабының есептерін түнімен ұйықтамастан бір есебін қалдырмай шығаратынымын. Соны бағалаған Рахымжан ағай әр дәріс сабағында «Шынардың қалай оқытынынан үлгі алыңдар» деп жиі айта-тын, оны естіп отырған группаластарым ағайды «сенің папаң» дейтін. Ол кезде рубежка-аралық дейтін жоқ, сабақ бітісімен «сессия» басталатын. Емтиханда да ағайдан қорқатын группаластарым мені бірінші кіргізіп, өздеріне дайындалуға уақыт көп қалсын деп менен кейін кіретін. Ра-

хымжан ағайдан басқа да белгілі оқытушылар дәріс берді: М.Наконечный, Т.Жуманова, Е.Ихсанов, Ж.Рашбаев, А.Бисалиева, А.Дурекова, Ф.Гусманова, М.Бакиев, В.Марков, Б.Туркменбаева, т.б.

Сол уақытта топта «староста» және «профком» тағайындалады, топта мен профком болдым. Топта белсенді болып, сабақты өте жақсы оқығандықтан 1990 жылы Физика кафедрасының оқытушысы Р.Букановамен бірге «Коммунистік партия» қатарына қабылдандым, онымен көп ұзамай партия тарап кетті. Ол кезде Гурьев пединститутының профкомын Роман Балашов басқарды. Пединституттың профкомы да, кітапханасы да 1-ші жатақханада орналасты. Сол уақытта тамақтарды талонмен алатын заман болды. Талондарды да сол профкомнан алатын болдық. Мен 1-ші жатақханада жаттым, сол жатақхананың Студсоветі болдым. Ең қызық әрі ең керемет кез осы жатақханада болды. Кең бөлмелері бар үйіңізді ауылда қалдырып, шағын ғана бір бөлмеде үш-төрт адам болып тұру сіздің жеке бастағы өзімшілдігіңізді жоғалтады. Бір нанды бөліп жеу, көмектесу, бірге жүріп, бірге тұру секілді дүниелерді бастан кешіріп. Студенттік өмір – әр адам өміріндегі қиыншылығымен, қызығымен есте қалатын кезең. Бес жылым бес күн секілді көзді ашып жұмғанша өтіп кетті. Студенттік өмірдің осындай қызықтарын қазір сағынышпен еске аламыз.

Шынар ЕЛЕЖАНОВА,  
«Бағдарламалық инженерия»  
кафедрасының профессоры м.а.,  
физика-математика

## БІЗ ДЕ СТУДЕНТ БОЛҒАНБЫЗ

Мен Атырау облысы Құрманғазы ауданы Ақкөл селосы Ақкөл жалпы орта мектебін 2011 жылы «Алтын белгіге» аяқтап, ел ордамыздың Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Информатика» мамандығына оқуға түстім. 2015 жылы өз мамандығымды жалғастыру мақсатында Астана-Санкт-Петербург қалаларында қос диплом бағдарламасы бойынша магистратураны тәмамдадым.



Студенттік өмір қиыншылығы мен қызығы қатар жүретін кезең ғой. Шынымды айтсам мен үшін өз туған жерімнен жырақ кету оңай болмады, бірақ жарқын болашаққа деген сенім жетелеп, алты жыл Астанада өткізген уақыт ең керемет кезеңдердің бірі еді. Не үшін дейсіз бе? Себебі адам рухани дами түседі. Біріншіден ата-ананың, бауырларыңның, жақындарыңның қадірін түсінесің, сағынышың артпаса кемімейді, екіншіден еңбекқорлыққа тәрбиелейді, үшіншіден өзің шешім қабылдай білуді, жауапкершілікті сезінуді үйретеді. Алға қойған мақсаттарыңа жетуге нық сенімді болып, өмірге деген құлшынысың арта түседі. Сіздерге айтар болсам, студенттік өмірдің алғашқы жылдары өте қызықты болады. Танымайтын қала, бейтаныс көшелер, ғимараттар, адамдар. Оның өзіне жан жақтан жиналған группаластармен үйренудің өзі қызық емеспе?! Бірінің сәнін келтіретін сол жаңа достар, жаңа таныс, жаңа орта болмақ. Студент болғанның жөні осы екен деп, шектен шығып, еркінсіп, адасуға болмайды. Сенің бұл қалаға келгендегі мақсатың – оқу, білім алу, саған сенген жандардың үмітін ақтау екенін ұмытпау керек.

Мемлекеттің сапалы, саналы, бағалы бөлігі білімді жастардан шықса керек. Өз студенттерің биіктен көрініп жатса, шын қуанып, қызыға қарайсың.

2017 жылы оқуымды аяқтап, туған жерім, Атырау қаласына келіп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Физика-математика және ақпараттық технологиялар факультетінің Бағдарламалық инженерия кафедрасына оқытушы болып орналастым. Алдағы уақытта, мақсатым – ғылымға бет бұрып, докторантураға түсу ойда бар. Сіздерге де айқын мақсат, орындалатын арман тілеймін. Өмірлеріңіз сәттілікке толы болсын.

Айгерім ӨТЕБАЕВА,  
Бағдарламалық инженерия кафедрасының оқытушысы,  
магистр

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті